

Автомобиль таксилердің бірыңғай түсті гаммасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі № 674 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 мамырда № 9-1-190 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 1396 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 1396 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының" 27-тармағына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласында автомобиль таксилердің сыртын безендіру үшін бірыңғай ақ түсті гаммасы белгіленсін.

2. Осы қаулы міндетті ресми жариялауға жатады және 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары В.А. Полешкоға жүктелсін.

Әкім

Ғ. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

А. Маклюк